



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1317 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы N 736 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 N 736 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Ақпараттық-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 407-2-жолмен толықтырылсын:

"407-2 "Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі Тіркеу
қызметі комитетінің
Ақпараттық-өндірістік

орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
(шаруашылық жүргізу
құқығында) Астана қаласы";

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" деген бөлімде:
реттік нөмірі 461-4-жол алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120
қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі:
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-жолмен толықтырылсын:

"17. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің
Ақпараттық-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі